

Қостанай облысы Мендіқара ауданы Алешин ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қостанай облысы Мендіқара ауданы мәслихатының 2014 жылғы 28 наурыздағы № 228 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 24 сәуірде № 4640 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Мендіқара ауданы мәслихатының 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 113 шешімімен

**Ескерту.** Күші жойылды - Қостанай облысы Мендіқара ауданы мәслихатының 28.04.2022 № 113 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - Қостанай облысы Мендіқара ауданы мәслихатының 23.12.2020 № 425 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу үлгі қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес, Мендіқара аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса берілген Қостанай облысы Мендіқара ауданы Алешин ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасы бекітілсін.

2. Қостанай облысы Мендіқара ауданы Алешин ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төраймы

М. Гизбрехт

Аудандық

мәслихаттың хатшысы

В. Леонов

КЕЛІСІЛДІ:

Алешин ауылдық

округінің әкімі

Ж. Байболатова

**Қостанай облысы Мендіқара ауданы Алешин ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Мендіқара ауданы мәслихатының 23.12.2020 № 425 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Елді мекеннің атауы	Қостанай облысы Мендіқара ауданы Алешин ауылдық округінің ауылдар тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
Қостанай облысы Мендіқара ауданы Алешин ауылдық округінің Молодежное ауылының тұрғындарына	84
Қостанай облысы Мендіқара ауданы Алешин ауылдық округінің Алешинка ауылының тұрғындарына	31
Қостанай облысы Мендіқара ауданы Алешин ауылдық округінің Алқау ауылының тұрғындарына	10

Мәслихаттың  
2014 жылғы 28 наурыздағы  
№ 228 шешімімен бекітілген

**Қостанай облысы Мендіқара ауданы Алешин ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын еткізу қағидасы**

**1. Жалпы ереже**

1. Осы Қостанай облысы Мендіқара ауданы Алешин ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің қағидасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу дің үлгі қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес әзірленді және Алешин ауылдық округінің ауыл тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын еткізу дің тәртібін белгілейді.

2. Алешин ауылдық округінің аумағындағы ауыл тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиыны (бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

**2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі**

3. Бөлек жиынды Алешин ауылдық округтің әкімі шақырады.

Мендіқара ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешім бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Алешин ауылдық округі ауылдының шегінде бөлек жиынды өткізуіді Алешин ауылдық округтің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында Алешин ауылдық округі ауылдының қатысын отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Алешин ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Алешин ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Алешин ауылдық округінің ауыл тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Мендіқара аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және Алешин ауылдық округі әкімінің аппаратына беріледі.